

# **I. М. ШОҚАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ ТҮЗІМІНІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ ЖАЙЛЫ**

## **1.1 Мұстафа Шоқайдың Түркістан автономиясы идеясынан ұлттық тәуелсіздік идеясына өту жолы**

Ал осындай шешімге келу жолында большевиктердің ұлт мәсе-лесіндегі ең түпкі мақсаттарына байланысты М. Шоқай Ленин мен Сталиннің және басқа белгілі коммунистердің еңбектеріне жан-жақты талдау жасайды. Мәселенің түйіні ең алдымен коммунизм, оның әсіресе бірінші сатысы деп есептелетін социализм идеясына байланысты. Бұл идеялар бойынша түпкі мақсат халықты, ұлтты, жалпы адамзатты, олардың ішінде әрбір жеке адамдарды азат ету емес, олардың белгілі бір бөлігі ғана болып келетін пролетариат табын, ірі өнеркәсіптегі жұмысшыларды азат ету екендігі белгілі. Ол теория бойынша халықтың осы тобын қанаушылықтан, басқа топтарға тәуелділіктен азат ету арқылы ғана бүкіл қоғамды жаңартуға, азат етуге болады. Яғни халық, ұлт әлеуметтік тұтастық ретінде қаралмайды, тіпті қарала алмайды да, себебі большевиктердің түсінуінде олардың өздері, яғни әрбір ұлт іштей ымыраға келе алмайтын қайшылықтарға құрылған. Капитализм дәуірінде ұлт буржуазия және пролетариат сияқты жау топтарға ажыраған. Тіпті капитализм заманында ғана емес, біз білетін адамзат тарихының өзі үнемі толас-тамаған таптар күресінің тарихы. Бір-біріне жау таптардың күресі – тарихтың қозғаушы күші, яғни қоғамның дамуының ішкі механизмі.

Олай болса, бұл тұрғыдан халық, ұлт сияқты әлеуметтік түзімдер тарихи тұрақты да, іштей берік, үйлесімді құрамалар да бола алмайды. Сондықтан олардың түптеп келгенде тарихи болашағы да жоқ. Ендеше әрбір елдің, мемлекеттің, оларды құрайтын халықтар мен ұлттардың мүдделері негізгі мүдделер емес, олар бірінші қатарда тұра алмайды, олай болуға тиіс емес. Оның есесіне барлық халықтар мен ұлттардың бөліктері болып келетін пролетариаттың мүдделері жалпы адамзаттықтан да жоғары мүдделер. Осы мүдделер бірінші қатардағы ең маңызды мүдделер. Бүкіл дүниежүзі пролетарларының бірігуі туралы ұран, әрине, осыдан шығады. Ұлттық бірлік емес, барлық ұлттар пролетарларының бірлігі. Келешекте қажетті жағдайлар туындағанда ұлттардың өздері жойылуы тиіс.

Большевиктердің ұлы мақсаттар ретінде көретін осындай өзгерістерді іске асыру үшін пролетариат диктатурасын орнату қажет.

Бұл, әрине, тәуелділікке ұшыраған халықты, ұлтты азат ету мақсаттарымен өзінің түпкі бағыты жағынан ешбір сиыспайтын тұрғы. Бұл тұрғыда бүкіл адамзат мүддесі, халық пен ұлттың мүдделері

олардың белгілі бір тобының мүддесі үшін тәрік етіледі. Тұтастықты құрайтын әртүрлі топтар бір-біріне жау күштер ретінде қарама-қарсы қойылады. Олардың арасындағы қайшылықтар антагонистік (бітіспес) қайшылық деп танылып, оларды тек төңкеріс арқылы шешу мүмкін деп қаралады. Оның нәтижесінде пролетариат үстемдігі орнауы тиіс. К. Маркстың алғашқы жорамалы бойынша бұл барлық өнеркәсібі дамыған елдерде бір кезеңде іске асуы керек, жеке бір елде оның үстемдікке келуі мүмкін емес, әрі баянды бола алмайды. Большевиктер болса бұл теорияны біраз өзгертіп, пролетариаттың жеңісіне империализмнің бір осал буынында қол жетіп, кейін ол дүниежүзілік революцияға ұласады деп сенгені мәлім. Бұл сенім кейінгі жылдары жойылды да. М. Шоқайдың большевиктердің осы теориялық түзімдерімен жақсы таныс екендігі оның көптеген талдауларынан көрініп тұрады. «Яш Түркістанның» 1930 жылғы 10-шы санындағы «Ұлт мәселесі төңірегінде» деген мақаласында большевиктердің бұл жөніндегі көзқарастары кеңінен әңгіме болады. Жоғарыда қысқаша ғана келтірілген большевиктердің қағидаларын есте ұстай отырып ол осыған байланысты большевиктердің өз арасында бұрын да, қазір де көптеген айтыстардың болғандығын және үнемі бірауыздылықтың болмай келе жатқанын айтады. Оның ойынша ұлт мәселесі қай жағынан қарағанда да өте маңызды болғандықтан олар оны талқылауға қайта-қайта оралып отыруға мәжбүр. Өйткені оны белгілі бір дәрежеде ескермеу пролетариат диктатурасының келешегіне қауіп төндіреді. Көрнекті большевиктердің арасында ұлттың өзін-өзі билеу құқығы жөнінде екі түрлі көзқарастың үнемі тайталаста келгені мәлім, дейді ол. Олардың бірі: «Пятаков, Преображенский, Бухарин, Дзержинский және басқалары ұлттардың өзін-өзі билеуі мен ұлттық автономия мәселелерінің бағдарламадан мүлде шығарылып тасталуын талап етті. Ленин, Сталин, Зиновьев және басқалары бұл істі сәл басқаша жолдармен ұлттық автономия іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін болмайтынын біле тұра, көз алдау үшін болса да мәлім ету керек деп есептеді» /1/.

Сырт қарағанда бір-біріне қаншалықты қарама-қарсы сияқты көрінгенімен осы екі көзқарастың түпкі сыры бір, дейді ол. Осы бірлік 1917 жылы көкек айында өткен большевиктердің жиналысында әсіресе айқын ашылғандығына ол айрықша көңіл бөлген. Ақпан төңкерісінен кейінгі уақытша үкімет пен жұмысшылар, солдаттар депутаттары кеңесі арасындағы билік үшін тартыстың кезеңінде большевиктерге Ресейге қарайтын халықтардың көңілін өзіне қарай бұру қажет еді. Ал ол халықтардың құрамында пролетариат жоқтың қасы. Ресейдің өзінде де солай. Ленин, Сталин бастаған топ бұратана халықтардың өзін-өзі билеуге деген арманы үшін бір үміт туғызуды

қажет деп тауып, ол принципті партияның бағдарламасына енгізуді ұсынған болатын. Ресейге кіретін орыстардан басқа халықтардың одан бөлініп шығып, өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құруға құқылы дегенді олардың ашық жариялау керек деп есептегені белгілі. Дүниежүзілік пролетариат революциясының келешекте өрши түсуі үшін де Еуропаның дамыған елдерінің отарларындағы халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстары халықаралық империализмді әлсірететін күш бола алады деп қараған.

Бірақ осындай көзқарастардың тасасында М.Шоқайдың түсіндіруінше ұлттардың бостандығын көздеген ешқандай пиғыл жоқ. Ұлттардың тәуелсіздікке ұмтылу жолындағы күресі большевик көсемдері үшін уақытша пайдалануға қажет құрал ғана. Түптің түбінде олар ұлттық дербестіктің жоғалу керек екендігін сол конференцияда екі жағы да айтты дейді. Тек Ленин мен Сталин жағындағы топ оны сәл бүркемелейді. Мысалы Сталин сонда жасаған баяндамасында: «Мен барлық ұлттардың Ресейден бөлініп шығу құқығын мойындаймын. Алайда бұл мойындау халықтарды бөлініп шығуға мәжбүр еткендік емес. Әрбір халық айырылып шығуға құқылы. Бірақ, мұндай құқыққа ие болған халық кейбір жағдайларда одан бас тартуы да мүмкін» /2/. Осы соңғы сөздің құйтырқылық мәнін Шоқайдың айтуынша Сталиннің өзі-ақ ашып берген. Өзін-өзі билеу құқығынан халықтың бас тартуын Сталиннің өз сөзімен айтқанда «оны пролетариат революциясының мүддесі белгілейді» /2, 43 б./ екен.

Большевиктік әлеуметтік-саяси философия бойынша осы айтылғандардан шығатын нәрсе – тарихтың қозғаушы күші тап күресі болатын болса, капитализм дәуіріндегі оның қозғаушы күші, яғни шын мағынасындағы субъектісі пролетариат болуы тиіс екен. Халық, не ұлт оның субъектісі бола алмайды. Жеке адамдар да солай. Ал ұлттардың бодандыққа қарсы күресі – ондай қозғаушы күш емес, себебі – ұлттар мүдделері антагонистік қайшылықта болып тұратын таптардан құралатын нәрсе. Ұлттық бірлік деген өткінші, келешегі бұлдыр бүтіндік, ол шын мағынасында бүтіндік емес. Тарихи келешегі бар бірлік – бүкіләлемдік пролетариаттың таптық бірлігі. Сондықтан да барлық ұлттардың пролетариаты бірігіп өз буржуазиясына қарсы күрес ашуы тиіс. Пролетариат азшылық бола отырып, ұйымшылдығының арқасында диктатураны орната алса, бұл, әрине, ұлттық еркіндікпен ешбір сиыспайтын билік. Ол – азшылықтың көпшілікке үстемдігі.

Большевиктік мұраттардың ешбір демократиялық сипатының жоқ екендігін, олардың жалпы адамзаттық та, жеке ұлттың да еркіндігіне жау екендігіне М. Шоқайдың көзі ерте жетті деуге

болады. Мұны оның большевизм көсемдерінің еңбектерін аса тиянақтылықпен зерттеу арқылы түсіне алғандығы барлық талдауларынан көрініп тұрады. Сонымен бірге большевиктердің билікке келгендегі алғашқы қадамдарының өзі-ақ оны көрсетіп берді. Оған демократиялық бағыттағы Уақытша үкіметтің өткізген Ресейдің тарихындағы еркіндік жағдайда бірінші рет сайланған парламентті (Құрылтай жиналысын) большевиктердің зорлықпен таратып жібергені мысал бола алады. Ол Ресей үкіметін құруға тиіс еді. Оған сайланған депутаттардың ішінде Мұстафа Шоқай да бар болатын.

Яғни большевизмнің жалпы философиялық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік-этикалық тұрғысы да және соған сай олардың іс-әрекеттері де, ұстанатын әдіс-құралдары да зорлыққа, күшке ғана иек артатын, жалпы зорлықтың өзін метафизикалық деңгейге көтеретін ілім екендігі оған айқын болатын.

Сондықтан да жоғарыда келтірілген Сталин сөзінен кейін ол мынандай қорытындыны табиғи деп қарайды: «Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың өзін-өзі билеу мәселесі туралы сөз болуы мүмкін емес» /2, 289б./.

Ал түпкі мақсаттарының ұлттық мүдделерге түбегейлі түрде қарсы екендігін бүркемелеуде тым олақтық танытқан, тактикалық құйтырқылықта тым аңқау, екінші Пятаков бастаған топ мәселені тым тура қойды деп көрсетеді ол. Пятаковтың өзі ойын барынша ашықайтқан: «ұлттардың өзін-өзі билеу құқығының зиянды екені белгілі бола тұра, оны бағдарламамызға енгізіп тарату неге қажет болғанын түсінбеймін» /2, 94б./.

Мұнда, әрине, ешбір құйтырқылық жоқ. Моральдық, этикалық тұрғыдан қарағанда бұл топтың алғашқы топтан артықшылығы бар. Мұндағылар ұлттық тәуелсіздікке, Ресейге кіретін орыс емес халықтардың мемлекеттік дербестік алуына қарсы екендігін ашықтан-ашық жариялап отыр. Моральдық екіжүзділікті өздеріне лайық деп таппайды. Пролетариаттық таптың мүддесінің артықшылығына кәміл сенетін олар оның ұлттардың мүддесін тәрік етуге, өзінің үстемдік орнатуына, күшпен, зорлықпен билік етуге, жалпыадамзатты бақытқа сүйреп жеткізуге құқықты екендігіне шәк келтірмейді. Сондықтан да бұл жөнінде моральдық азапқа түсуден аулақ. Олардың иланымы бойынша келешекке, коммунистік жұмаққа адамдарды еркінен тыс айдап апаруға болады.

М. Шоқай, бірақ, осы екі түрлі көзқарастың арасынан ешқандай принциптік айырмашылықты көрмейді. Қазіргі Сталин бастаған компартия іске асырған егеменді деп есептелетін республикалардың қандай тәуелсіз екенін біз білеміз дейді ол. «Бүгін өкіметті қолдарына ұстап отырған Сталин мен орыс компартиясы ұлттардың

өзін-өзі билеу құқығын жақтаушылар болып көрінуге қанша тырысқандарымен, іс жүзінде өздері соның нағыз қас жаулары болып табылады» /2, 95б./, «олардың екеуі де ұлт мәселесін пролетариат диктатурасының мүддесіне тәуелді ету керек деп есептейді» /2/. Яғни айырмашылық тек тактикалық мәселеде ғана. 1930 жылғы партияның XVI құрылтайында да тап осындай айтыс болып, Ленин мен Сталин тобының бұрынғы әлдеқайда залым саясаты тағы да үстемдік алып, іске асуы жалғаса берді. Ұлттардың келешекте жойылатынына теория жүзінде сенетін большевиктер ұлт азаттыққа деген құлшынысты пролетариат үстемдігіне қолдау білдіретін қосымша күш, құрал ретінде пайдалануды көздеді.

Большевиктік дүниетанымның тұрғысынан қоғамдық бірліктер негізінде материалдық, мүліктік мүдделердің ықпалымен ғана болуы мүмкін. Таптық бірліктер осындай мүдделер мен мұқтаждықтың негізінде қалыптасатын топтар. Бұл олардың ойынша әсіресе пролетариат тобына тән. Өйткені тарихи прогресті мойындайтын марксистік қағида бойынша материалдық өндіріс осындай прогрестің жетекші саласы. Ал XX ғасырда материалдық өндірістің ең озық деңгейі – машиналық өнеркәсіп, индустрияның дамуы. Пролетариат табының пайда болуы осы саламен ғана байланысты болғандықтан және бұл тап өкілдерінің өзіне тиісті меншігі болмағандықтан оны әлеуметтік төңкеріс жасауға объективтік жағдайлары итермелейді. Маркстың сөзімен айтсақ оның аяқ-қолына кісен болатын тосқауыл жоқ; өзінің бұғауларынан басқа пролетариаттың жоғалтатын ешнәрсесі жоқ. Ол ендеше бүкіл тарихта қалыптасқан ешбір құндылықтармен байланысы жоқ, барлығын да терістеуші күш. Оның тарихтағы еншісі – барлығын да күйрету, тәрік ету, тек содан кейін ғана ескі дүниенің қиратындысының үстінде өзінің жаңа дүниесін орнату. Ал ол дүниенің қандай болатындығы, марксистік теорияға жүгінсек, өте бұлдыр, оның ең жалпы нұсқалары ғана белгіленген.

Яғни осындай жасампаздық бағыты айқындалмаған қара күштің үстемдігін большевиктер бүкіл әлемге таратпақшы болғандығы тек озбырлық пен зорлық түрінде бола алатындығы демократиялық бағытта ойлай алатын әрбір адамға аян еді.

Алаш көсемдерінің ішінде Ө. Бөкейхановтың кадеттер партиясына мүше болып жүруі де әуелде осы партияны Ресейдегі ең сенуге болатын демократиялық күш деп ойлағандығынан болуы тиіс. Және де олардың большевиктердің ұлттардың өзін-өзі билеу принципіне кейін сеніп қалған кезеңі де болды. М. Шоқайда, бірақ, большевиктерге о бастан сенімі болған жоқ. Ол о бастан ақ олардың пролетариат диктатурасы туралы идеясының мәнісін анық көре білді. Ташкенттегі солдаттар мен жұмысшылар кеңесінің

іс-қимылдары да бұл жөнінде ешбір күмән туғызбайтын. Түркістан аймағындағы орыстар ол жердің халқының бір пайызындай ғана бола отырып, өз үстемдігін орнатуға ұмтылуы оның шын мағынасы орыс пролетариатының Түркістан халқына үстемдігінен басқа ешнәрсе де емес екендігін білдірді.

Әлеуметтік философиялық тұрғыдан қарағанда да, ал бұл демократиялық күштердің дүниетанымына неғұрлым жақын тұрғы – қандай тап болмасын, олар тарихтың белгілі бір субъектісі бола алмайды. Осыны айқын логикалық саралаудың нәтижесінде айтпаса да, М. Шоқайдың шығармашылығының өн бойында мұны сезіну интуициялық деңгейде рең беріп тұратындығын көруге болар еді. Бүкіләлемдік көлемде пролетариат әр түрлі ұлттарға, мәдениеттерге жататындықтан бұл таптың әр түрлі ұлттық топтарының арасында мәдени-рухани етене бірлік жоқ. Көп жағдайда әр түрлі ұлттарға жататын топтарының арасында әлеуметтік саяси бірлік те бола бермейді, болған күнде де олар тек өткінші саяси ортақ әрекеттер деңгейінде. Буржуазиялық таптарды алып қарасаң, әр ұлттың топтарының арасында, тіпті бір елдің үстем таптарының арасындағы қайшылықтар, бәсекелестік, үстемдікке ұмтылу т.б. мүдделер оларды берік бірлікке құралған деп айтуға келмейді. Әртүрлі ұлттар буржуазиялардың арасындағы мүдде қайшылықтары одан да терең.

Таптық бірліктер көбіне экономикалық мүдделердің жақындығына негізделеді. Ал ондай жақындықтар ұзақ тарихи берік негіз бола алмайды. Ондай берік негізді тек рухани, мәдени жақындық, етенелік қана құрай алуы мүмкін. Экономикалық мүдделер жағдайларға байланысты бірде біріктіруі, екінші бір жағдайларда алыстатуы мүмкін. Рухани бірлік, ол – жан жүйенің жақындығы, үндестігі, дүниені біршама бір тұрғыда сезіну, түйсіну, қабылдау. Олар бір ұлт адамдарының ғасырлар бойы әспеттеген құндылықтарының сырттай қызметтерінде, қатынастарында, әрекеттерінде, солардың нәтижелерінде көрінуі. Рухани мәдениет – ұлттың өзіндік кескіні. Осылай түсінуді М. Шоқайдың мәдениет туралы айтқан әрбір ой түйіндеуінен байқауға болады. Ал Түркістанда, Ташкентте жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің Түркістан халқына жасаған опасыздықтары патша шенеуніктерінің дәрәкіліктері, астамшылықтарынан да асып кеткені туралы М. Шоқайдың өзі де естеліктерінде жазады. Ондай пролетариат өкілдерінің сана сезімі оларды бір прогресстің тұтқасын ұстаушылар түгіл, белгілі бір өркениеттің өкілдері деуге келмейтіндігін айтады.

Яғни, марксизмнің, большевизмнің, пролетариаттың тарихи атқаруға тиіс міндеті туралы жазып, айтқандарының бәрі өмірде жоқ, қиялдан туған жалған бейнелер.

Большевизмнің билікке келуі аз да болса берік топтаса алған халықтың осы моральдық жағынан азғындаған, өмірдің қай саласында болмасын тамырын жайып беки алмаған, неге де болса дайын тобының олардың қияли мифіне елігуінің нәтижесі болса керек. Ондай топтардың барлығын да тек күшпен шешуге бейімдігі, ешбір қалыптасқан тәртіпке, нормаларға мойынсұнғысы келмейтіні большевиктердің күшті, зорлыққа негізделген жүйені метафизикалық принцип деңгейіне дейін көтеруіне сайма-сай келген. Таңқаларлық нәрсенің өзі сонда – большевик теорияшылдарының жек көрінішті ете сипаттайтын люмпен – пролетариатының психикалық келбетіне олардың әлеуметтік-саяси теориясы өте сай келеді. Сол дәуірдегі Ресей пролетариаты салауатты жұмысшылар әулетіне емес, жабайы капиталистік топқа сай келетін люмпен-пролетариатқа жақын болса керек.

Өзінің дене күшінен басқа еш нәрсеге, соның ішінде білімге де, мамандыққа да иелігі жоқ, меншіктен ада адамдарда «кісенінен басқа жоғалтатыны жоқтарды» Маркс пен Энгельстің ең революцияшыл, тіпті жаңашыл, прогресстің жетекшісі, әлемді келешекте жаулап алып, иемденушілер ретінде көргені де таңқаларлық нәрсе. Басқаның қанаумен тапқан меншігіне ғана емес, өз еңбегімен тапқан меншігіне де олар ешқандай құрмет көрсетпейді. Қандай болмасын жеке меншікті тәркілеу – адам еңбегін, еңбек етушінің өзін силаудан аулақ нәрсе. Шаруалар, мысалы, большевиктердің көзінде кертартпа күш, жеке меншік – өзімшілдіктің, жеке құлықтылықтың көзі. Ешқандай жеке меншіктің болмауы – қоғамшылдықтың, дарқан көңілділіктің негізі екен. XVII, XVIII, XIX ғасырлардағы көптеген ойшылдар, керісінше, жеке меншіктің, әсіресе, өз еңбегінің нәтижесінен туған меншікті жеке адамның қоғамдағы дербестігінің, тәуелсіздігінің тірегі ретінде түсінетін еді, большевизм осы дәстүрді алаңсыз теріске шығарды. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде бүкіл Түркістанда орыс солдаттары мен жұмысшыларының Түркістан халқының мал-мүліктерін талап, тонаушылыққа, қырып-жоюға жол бергені де осы психологияның көрінісі еді.

Сондықтан да большевиктердің билігі алғашқы күндерден бастап Ресейдегі халықтардың еркіндігі, дербес мемлекет құрып, өзін-өзі билеуі, автономия т.б. туралы ұрандары оларды алдарқату, уақытша пайдалану, тек формальдық түрдегі республикаларды құрып, тәуелсіздіктің жалған сиқын жасаудың амалы ғана болды. М. Шоқай ұзақ жылдар бойы эмиграцияда осы жалған саясаттың шын сиқын бүкіл өркениетті дүниеге әшкере етумен айналысты.

М. Шоқайдың түсінуінде 1916 жылғы көтеріліс тек ұлттық күрес еді. Езілген ұлт сол езгіден құтылу жолындағы күресінде



таптарға бөлінбейді. Ол жалпыұлттық қозғалыс. Бұл ойды ол кейбір большевик жазушыларының сол көтерілісті таптық күрес етіп көрсетуге тырысқанына қарсы айтып, дәлелдеген. Патша билігіне қарсы ол көтеріліске қатысқандардың арасында Түркістан халқының барлық топтарынан да бар болатын. Ал орыс шаруалары мен жұмысшылары оған қатыспады. Түркістан халқында ол кезде де, кейінгі кезде де пролетариат табы болған жоқ. «Марксизм теориясы бойынша қарағанда, – деп жазады М. Шоқай, – таптық күрес Түркістанда жоқ және болуы да мүмкін емес еді.

Таптық күрес ұлттық өнеркәсібі қалыптасқан саяси, әлеуметтік және экономикалық мүдделері бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ұлттық буржуазия мен ұлттық пролетариат таптары бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін» /2/.

Бұл фактіні бұдан бұрынғы большевик зерттеушілері де мойындаған болатын. 1928 жылы белгілі большевик басшыларының бірі Шалва Элиава пролетариат табы мүлдем жоқ Түркістанда пролетариат диктатурасы орнап отырғанын айтқан еді. Жиырмасыншы жылы Қазан төңкерісінің Түркістанда қалай өткенін зерттеген большевик Георгий Сафаров Х партия құрылтайында Жетісуда орыс шаруаларының «иеленген жері 35 проценттен 70 процентке көтерілгенін айтқан» /2/. Яғни Қазан төңкерісінің Түркістан ұлтына, жалпы Ресейге тәуелді ұлттардың барлығына да қарсы төңкеріс болғанын мойындаған.

Енді 1931 жылы осы шындықты айтқандарын «тар ұлтшылдық», «шовинист» деп бағалағандығын көрсете келіп, М. Шоқай «Ресейде орыс мұжығы патшалық жүйенің езгісінде болатын. Ал Түркістанда патшалық жүйенің қамқорында, қолдап-қуаттауында болды» /2, 98б./ дейді. Яғни большевиктердің таза пролетарлық, тек таптық сипатта деп есептейтін төңкерісінің өзі де ұлттық, шовинистік бағыттықтан ада емес. Керісінше, көбінесе таптық, пролетарлық перде Шоқайдың аса дәлдікпен әшкерелеуінше олардың шовинистік түпкі мағынасын көлегейлеудің құралы ғана болып тұрады. Ал бұл ұлттық бірлік негіздерінің таптық бірлік негіздеріне қарағанда әлдеқайда терең-де жататынының, әлдеқайда тарихи беріктігінің тағы бір дәлелі деуге болады. Сондықтан да ұлттың жалпы мүддесі Шоқайдың түсі-нуінде қандай да болмасын оның бір бөлігі ғана болатын таптың мүддесінен жоғары да маңызды. Олай болса, әрбір ұлт өз мүддесін пролетариат табының, – мейлі ол бүкіләлемдік пролетариат деп қаралса да, – мүддесіне құрбан ете алмайды.

Большевизмнің теориялық негіздерін де әрі практикалық іс-әрекеттерін де байыпты түрде барлап, терең талдау жасай білгеннің нәтижесінде М. Шоқай автономия идеясының Түркістан халқы үшін



жарамсыз жалған екендігіне көзі жетті. Қандай жағдайда болмасын Түркістан халқының өз тағдыры өз қолында болуы үшін тек бір ғана жол қалады. Ол – ұлттық дербес мемлекет құру. Осы ойын ол былай түйіндеді. «Ең алдымен барлық күштерді бір мықты саяси ұйымның маңына топтастыру керек. «Түркістан ұлттық бірлігінің» бірінші кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты: 1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» /2, 99б./.

М. Шоқайдың орыс үстемдігінің қандай түрінен болса да құтылу керектігі туралы айтқандары оның бүкіл орыс халқына деген дұшпандығы дегенді білдірмейтіндігі ешбір шүбә туғызбауға тиіс. Ол, әрине, өз халқына басқа халық тарапынан болған, болып отырған үстемдікке ғана қарсы. Егер Түркістан аймағына көшірілген орыс мұжықтары, казактар өздеріне берілген ең шұрайлы жерлерді иемденіп, бұл жағынан патша үкіметінің саясатын қолдап, оған тірек болып отырмаса, Түркістан шаруаларының жерлерін тіпті зорлықпен тартып алып жатпаса, оларға деген өшпенділік те тумас еді. «Ұлттық тәуелсіздік, – деп жазады ол осы мәселеге байланысты, – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да» /2, 215б./.

1917 жылғы желтоқсанның 10-да құрылған Түркістан автономиялық үкіметінің құрамында басқа халықтар өкілдері үшін бірнеше орынның бос қалдыруының өзі де осыны көрсетеді.

Сонымен бірге бұрын да айтқанымыздай М. Шоқай қазіргі заманғы демократиялық бағытта болғандықтан Түркістанның ұлттық тәуелсіздігін патшалық Ресейдің қармағына түсіп қалғанға дейінгі мемлекеттік, әлеуметтік түзімдерге қайтып оралу түрінде де көрмегендігі анық. «Біз ұлттық қозғалыс тарихымыздың екінші кезеңіне өтіп барамыз. Өткен уақытта біздің бүгінгі талаптарымызға сәйкес келетін ештеңе қалған жоқ. Қоқан, Хиуа хандықтары және Бұқара әмірлігі туралы ойлаудың өзі артық. Тегінде біз Ресей тепкісінен құтылу туралы айтқанымызда, орыс тепкісіне түскенге дейінгі дәуірге қайтып оралуды армандамаймыз» /2, 217б./.

Бұл, сөз жоқ, осы тәуелділікке түскенге дейінгі болған қоғамдық, мемлекеттік түзімдердің тәуелсіздікке қызмет етуге қауқарсыз болады дегенді білдіреді. Ендеше Түркістан келешегіне тек қазіргі заманғы мемлекеттік, қоғамдық құрылымдар ғана жарамды бола алады.